

НОБЕЛЬ СЫЙЛЫҒЫ ВИРТУАЛДЫ КІТАП КӨРМЕСІ



Нобель сыйлығы - әлемдегі ең беделді сый. Оның лауреаттары қатарында рентген сәулеленуін, пенициллинді ойлап тапқан атақты ғалымдар бар. Нобель сыйлығымен Нельсон Манделла, Барак Обама секілді танымал қайраткерлер марапатталған.

Жыл сайын қазан айының басында бүкіл әлем назары Швеция мен Норвегия еліне ауысады. Дәл осы уақытта Стокгольм және Осло қалаларында Нобель сыйлығы лауреаттары есімі жарияланады.

Нобель сыйлығы 1901 жылдан бері әр жыл сайын физика, химия, медицина, әдебиет және бейбітшілік салалары бойынша елеулі жетістікке жеткен ғалымдар мен ұйымдарға беріледі. Марапаттау рәсімі жыл сайын 10 желтоқсан күні өтеді. Осы салтанатты марапаттау күнінде Швеция королі лауреаттарға Нобель медалін, диплом және де ақшалай сыйлық тапсырады.


Альфред Нобель мұрасы

Нобель сыйлығы швед өнертапқышы және өнеркәсіп иесі Альфред Нобельдің (1833—1896) өсиеті бойынша құрылған. 1895 жылы жазылған өсиетте Нобель өзінің қаржы жағдайын сенімді бағалы қағаз күйінде ұстауды бұйырған.

Өсиетке сәйкес, марапат беруге Швеция мен Норвегия еліндегі төрт ұйым жауапты болуы қажет. Олар Швед ғылым академиясы, Стокгольмдегі Каролин институты, Стокгольм академиясы, сондай-ақ, бес мүшеден тұратын Норвегия парламенті сайлаған комитет.

Динамит атасы

Нобель сыйлығын құрушы Альфред Нобель инженер-химик, өнертапқыш және ірі өнеркәсіп иесі болған.



Ол 1833 жылы 21 қазанда Стокгольм қаласында туылып, 1896 жылдың 10 желтоқсанында Сан-Ремота дүниеден озды. Нобель өз еңбегінің көбін жарылғыш заттарға бөлген. Ол капсуль-детонатор, динамит, түтінсіз дәрі секілді өнертабыстардың авторы. Альфред Нобель есімі бүкіл әлемге 1882 жылы Сен-Готард туннелінің құрылысы кезінде алғаш рет динамит қолданылған бойда танылды.


Өз өмірінде Нобель 355 өнертабысты бес түрлі елде патенттеген. Оның ойлап тапқан жарылғыш заттары әлемнің әр жерінде орналасқан 100 зауытта өндірілді.

Атақты өнертапқыш Швеция, Ресей, Франция, Ұлыбритания, Германия, Италия секілді елдерде жұмыс істеген. Ол сонымен қатар 5 тілді білген, әдебиет оқу мен өлең, пьеса жазуды сүйген адам болған.

Жүз он бір жыл ішіндегі Нобель сыйлығы

1901 жылы алғаш рет Нобель сыйлығы берілгеннен бастап, 2011 жылға дейін Нобель сыйлығы лауреаты атанған адамдар мен ұйымдар саны 853-ке жетті. Олардың 23-і ұйым болып есептеледі. Лауреат атанған адамдардың кейбірі мұндай құрметке екі рет лайық болған.

Физика саласында тұңғыш лауреат атанған адам - сәулеленуді ойлап тапқан Вильгельм Конрад Рентген болды. Рентген сәулеленуі қазіргі күнге дейін бүкіл әлемде медицина саласында қолданылып келеді.



1905 жылы тарихта алғаш рет Нобель сыйлығы лауреаты австриялық жазушы Берта фон Зутнер атты әйел адам болды.

Әдебиет саласы бойынша, Нобель сыйлығы лауреат атанғандарының ішінде Эрнест Хемингуэй (1945), Тони Моррисон (1993), Дарио Фо (1997), Гарольд Пинтер (2005) бар. Ал осы номинация бойынша ең қарт лауреат Дорис Лессинг еді. Ол 2007 жылы 87 жасында марапатталған болатын.